

Н.НАЗАРБАЕВ:

Біздің өміріміз түбегейлі өзгеріп, Қазақстан тәуелсіздікке не болған өткен ғасырдың он саныншы жылдары тарихқа озғанына да көп уақыт өте қойған жоқ. Сана мен сезімнің бір жағынан бұл ерекше жылдар болды. Бұл біздің мемлекетіміздің алдағы жүрер жолында қындайтын аса маңызды шешімдер қабылданған жылдар болды.

М А Қ П А Р А Т Т Ы Қ А П Т А Л Ы Қ М Ә Р Т О В Б Е



№58
(1034).

2008 жылғы желтоқсанның 13-і, сенбі. ● Аптасына бір рет шығады.

2008

жылғы желтоқсанның он үші.

Мәртөб

МЕН ҚАЗАҚПЫН, БИІКПІН, БАЙТАН

Кешегі күннің күркірі

Кейінгі жас ұрпақ желтоқсан оқиғасы туралы біле бермеуі мүмкін. Сол кездегі қазақ жастарын «ұлтшыл», «маскүнемдер», «нашақорлар» деп кінәлағандар әлі күнге дейін арамызда жүр. Желтоқсан жақындаған сайын олардың да мазалары қаша бастауы заңды құбылыс. Ал, өткеннің шындығын ашу, кімнің кім екенін анықтау бәріміздің тарих алдындағы борышымыз емес пе? Шындық - тарих айнасы.

Шынында да күні кешеге дейін Алашорда қайраткерлері туралы жұмған аузымызды ашпай келдік. Әйтпесе, ең алғаш болып ұлттық санамызды оятқан сол қайраткерлеріміз еді. Бәлкім, сол кезде кедергілер болмағанда еліміз тәуелсіздігін баяғыдан-ақ алар ма еді, кім білсін?! Ал, енді ел тәуелсіздігін көксеген Желтоқсан оқиғасындағы жастардың алаңға атылып шығуына ненің түрткі болғанын бертін келе оқып-біліп жатырмыз.

Меніңше халықты намыс, ұлттық мүдденің ұзақ уақыт аяқасты болуы алаңға алып шыққан сияқты.

Жас жігіттер мен ару қыздар алаңда сойылға жығылып, түрмеге түсіп, қуғын-сүргінге ұшырап, дұшпанның

табасын көрді. Бірақ, сынбады, мұқалмады, шегінбеді, берілмеді. Алаңға шыққан сол мыңдаған жас - нағыз қаһармандар еді. Кейінгі уақытта марапаттар алып, халыққа танылып, абыройға бөленгендер ғана емес, сол бір екі күнде алаңда тұрғандардың бәрі де осындай құрметке лайықты жандар.

Мысалы, бүгінгі күнге дейін қарапайымдылығы мен кішіпейілділігінен өздерін батыр санамайтын, Желтоқсан күндері өздерін ерлік жасадық деп санамайтын талай адамдар бар. Олар өз істерін азаматтық парызымыз деп санайды, өздерінің мұндай қадамдарына көңіл аудартып, ол туралы әңгімелеп те жатпайды. Ауа жұтып, тыныс алу қандай табиғи қажеттілік болса, Отан мен отбасы мүддесін қорғау да олар үшін дәл сондай қатардағы іс еді. Міне, сондықтан да жүздеген, мыңдаған желтоқсандықтардың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі етуіміз қажет.

АЗАМАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ



МЕН БАҚЫТТЫМЫН

Маған ата-бабаларымыздың көптен бергі арманы болған тәуелсіздік алған күні өмірге келу бақыты бұйырыпты. Бұл күн ел өміріндегі ерекше маңызға ие екендігі баршамызға аян.

Аға-апаларымыздың көрсеткен ерлігі келешек ұрпақ санасында мәңгілікке сақталары хақ. Қиын-қыстау кезеңде құшағына өзге ұлт өкілдерін тарта білген қазақ халқы қандай мәрт десеңізші. Бар әлемге «Мен бақыттымын» деп жар салуға қашанда дайынмын.

Тәуелсіздіктің тұғыры биік болсын, тәуелсіздіктің құрдастары!

Дина ТАУТАНОВА,
студент.

Мәлдір
ТӨЛЕПБАЙҚЫЗЫ.